

Әуликөл ауданындағы Қазанбасы жер асты су көздерінің № 2 (0902), № 1 (0901-резервтік ұңғымалары) учаскесінде Тимофеев шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 88 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 сәуірде № 4604 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Әуликөл ауданындағы Қазанбасы жер асты су көздерінің № 2 (0902), № 1 (0901-резервтік) ұңғымалары учаскесінде Тимофеев шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын

пайдалануды реттеу және қорғау
жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік
инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
2013 жылғы 12 наурыздағы
№ 88 қаулысына қосымша

Әулікөл ауданындағы Қазанбасы жер асты су көздерінің № 2 (0902), № 1 (0901-резервтік) ұңғымалары учаскесінде Тимофеев шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Ұңғымалар: № 2 (09020), № 1 (0901-резервтік)	Радиусі – әр ұңғыманың айналасында 50 метр	Ә р ұңғыманың айналасында 1,6 гектар	Ұзындығы – 182 метр Барынша ені – 272 метр	4,92 гектар	Радиусі – 645 метр	130,6 гектар

Ескерту: санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары "Әулікөл ауданындағы Қазанбасы жер асты су көздерінің № 2 (0902), № 1 (0901-резервтік) ұңғымалары учаскесінде Тимофеев су тартуының санитарлық қорғау аймақтары" жобасының картографиялық материалында көрсетілген (Тапсырыс беруші – "Тимофеевка-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).